

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**Түркістан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу
басқармасы мен бағыныстағы мекемелерде табиғатты пайдалану
саласында қаржылардың жұмсалудың тиісті нормативтерге сәйкестігіне
аудит жүргізу**

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2022 ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе) _____(болған жағдайда)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: "Түркістан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мен бағыныстағы мекемелерде табиғатты пайдалану саласында қаржылардың жұмсалудың тиісті нормативтерге сәйкестігіне аудит жүргізу"

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Табиғатты қорғау және пайдалануға бағытталған бюджет қаражаттарының Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларына сәйкестігін анықтау;

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

1) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 2) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 3) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл желек» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 4) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Отырар орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 5) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі», 6) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 7) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 8) «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:

Аудиторлық іс-шарамен қамтылатын кезең: 01.04.2019 –31.12.2020 жыл және 01.01.2022 - 31.05.2022 жыл аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2022 жылға арналған тізбесіне сәйкес, "Түркістан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мен бағыныстағы мекемелерде табиғатты пайдалану саласында қаржылардың жұмсалудың тиісті нормативтерге сәйкестігіне аудит жүргізу" аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 20.06.2022 жыл - 02.08.2022 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 8 аудит объектісі, оның ішінде 1 мемлекеттік мекеме, 7 коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамтылды.

Бұл ретте аудиторлық іс-шараның мақсатына сәйкес Табиғатты қорғау және пайдалануға бағытталған бюджет қаражаттарының Қазақстан

Республикасының заңнамасының нормаларына сәйкестігін анықтау жоспарланды.

254 «Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» бюджеттік бағдарламалар бойынша 2019 жылдың 01 қаңтарына бюджет барлығы 187 370,0 мың теңге оның ішінде; 254001000 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы 152 858,0 мың теңгеге, 254008000 «Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасы бойынша 34 512,0 мың теңгеге бекітілген.

2019 жылдың 31 наурызына бюджет барлығы 187 370,0 мың теңгені құраған, оның ішінде 254001000 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы 152 858,0 мың теңгеге, 254008000 «Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар» 34 512,0 мың теңгеге бекітілген.

01.04.2019 - 31.12.2019 жыл аралығында мекеме бюджеті 2 рет нақтыланған.

2019 жылдың 31 желтоқсанына аудитпен қамтылған кезеңде бюджеттік бағдарламалар бойынша 411 603,0 мың теңгеге нақтыланған, оның ішінде 254001000 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 135 730,0 мың теңге, 254008000 «Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасы бойынша 18 173,0 теңге, 254113000 «Жергілікті бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен берілген Экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру үшін жағдай жасау, қоршаған ортасының жай-күйі мен тұрғындарының денсаулығы деңгейіне кешенді сипаттама беру бойынша трансферттер есебінен 257 700,0 мың теңгеге нақтыланған.

Оның ішінде аудитпен қамтылған кезеңде (01.04.2019 -31.12.2019 жыл аралығында) бюджеттік бағдарламалар бойынша 376 299,0 мың теңге бекітілген, оның ішінде 254001000 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 104 426,0 мың теңгеге, 254008000 «Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасы бойынша 14 173,0 мың теңгеге, 254113000 «Жергілікті бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 257 700,0 мың теңгеге нақтыланған.

Бірінші нақтылауда 13.06.2019 жылғы №38/405-VI Түркістан облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес 254 001 011 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша қызметкерлер ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты 10 153,0 мың теңгеге ұлғайтылды. 254113000 «Жергілікті бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен берілген Экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру үшін жағдай жасау, зерттелетін аумақтарды төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе

экологиялық зілзала аймағы немесе экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақа. қоршаған ортасының жай-күйі мен тұрғындарының денсаулығы деңгейіне кешенді сипаттама беру бойынша трансферттер есебінен 257 700,0 мың теңгеге ұлғайтылды.

Екінші нақтылауда 13.09.2019 жылғы №42/430-VI Түркістан облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес, 254001011 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша қызметкерлердің жалақы мөлшерінен үнемделген қаржы (Республикалық бюджетке қайтарылды) -29 028,0 мың теңгеге қысқартылды. 254 008 000 «Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен берілген Қоршаған ортаны қорғау іс-шарасы аясында «қоршаған ортаның нысаналы көрсеткіштерін зерттеу (зерделеу) жүргізуге қызметінен үнемделген қаржы (облыстық бюджетке қайтарылды) -7 216,0мың теңгеге қысқартылды.

2020 жылға 254 «Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» бюджеттік бағдарламалар бойынша барлығы 559 998,0 мың теңге, оның ішінде: 254001015 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 137 895,0 мың теңге, 254002015 «Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 35 004,0 мың теңге. 254008015 «Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасы бойынша 5 359,0 мың теңге, 254 113 000 «Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» бюджеттік бағдарламалар бойынша 381 740,0 мың теңгеге бекітілген.

Жыл ішінде бекітілген бюджеттік бағдарламаларға 2 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жыл соңында аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалар барлығы 541 763,0 мың теңгеге нақтыланған, оның ішінде: 254001015 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы 131 763,0 мың теңгеге, 254002015 «Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу» бюджеттік бағдарламасы 30 090,0 мың теңгеге, 254008015 «Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасы 3 690,0 мың теңгеге. 254113000 «Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» 376 220,0 мың теңгеге нақтыланған.

Бірінші нақтылауда Түркістан облыстық мәслихатының 29.05.2020 жылғы №49/510-VI шешімі сәйкес, 254 001 015 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша, Басқарманың жаңа ғимаратқа көшуіне байланысты -6 132,0 мың теңге қысқартуға ұсынылып, жалпы 553 866,0 мың теңгеге нақтыланған.

Екінші нақтылауда Түркістан облыстық мәслихатының 30.10.2020 жылғы №53/543-VI шешіміне сәйкес, 254 002 015 «Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша Арал-Сырдария бассейніне қарасты 40 өзенге су

қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу және су қорғау белгілерін орнату бойынша жоспарланған 35 004,0 мың теңгеден үнемделген (жергілікті бюджетке қайтарылды) -4914,0 мың теңге қысқартылды.

254008015 «Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен берілген Қоршаған ортаны қорғау іс-шарасы аясында «экологиялық тәрбие мен білім беруді дамыту іс шараларынан үнемделген (облыстық бюджетке қайтарылды) -1669,0 мың теңгеге қысқартылды.

254113339 «Жергілікті бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен берілген Экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру үшін жағдай жасау. Зерттелетін аумақтарды төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зілзала аймағы немесе экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ қоршаған ортасының жай-күйі мен тұрғындарының денсаулығы деңгейіне кешенді сипаттама беру бойынша 381 740,0 мың теңгеден үнемделген (облыстық бюджетке қайтарылды) -5520,0 мың теңгелер қысқартуға ұсынылып, жалпы 541 763,0 мың теңгеге нақтыланған.

2022 жылға аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалар бойынша 231 147,0 мың теңге бекітілген, оның ішінде; 254001 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтері» бюджеттік бағдарламасы бойынша 154 157,0 мың теңге, 254002 «Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 72 818,0 мың теңге, 254008 «Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасы бойынша 4 172,0 мың теңгеге бекітілген.

2022 жылдың 5 айының ішінде бекітілген бюджеттік бағдарламаларға 1 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жыл соңында аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалар барлығы 233 546,0 мың теңгеге нақтыланған, оның ішінде 254002 Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу **75217,0** мың теңгеге нақтыланған.

Бірінші нақтылауда Түркістан облыстық мәслихатының 06.05.2022 жылғы №15/172-VII шешіміне сәйкес, 254002 «Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша Балдыберек өзенінің бойында 1 шақырым жерге су қорғау аймағына кіргізуге байланысты 2 399,0 мың теңгеге ұлғайтылып бекітілді.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Осы аудиторлық іс-шарамен жалпы тексеру кезеңіне 11 277 009,1 мың теңге (республикалық бюджет қаражаты 342 577,5 мың теңге) қамтылды, оның ішінде 01.04.2019жыл-31.12.2019жыл кезеңі бойынша 1 492 178,1 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 207 665,0 мың теңге), 2020 жыл кезеңі бойынша 7 139 138,0 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 0,0 мың теңге), 2022 жылдың 01.01. жыл - 31.04.2022 жыл кезеңі тексеру кезеңіне 2 645 693,0 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 134 912,5 мың теңге) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 8 объектінің ішінде 8-де қаржылық бұзушылықтар 8 объектіде 33 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы барлығы **4 042 370,5 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

-Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **40,7 мың теңге**;

-Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **4 042 329,8 мың теңге**;

-Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы (мың теңге) **0,0 мың теңге**.

-Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **0,0 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **4 042 370,5 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 4 042 329,8 мың теңге, өтелуге жататыны 40,7 мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында толығымен барлығы **4 042 370,5 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген (*оның ішінде 4 042 329,8 мың теңге қалпына келтірілген болса, 40,7 мың теңгесі өтелді*).

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 33 бірлік бұзушылық фактілері 8 объектіде орын алған.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 2 мекемеде 40,7 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:

1. Қызметкерлердің іс сапар шығындарын дұрыс есептемеу салдарынан 2 мекемеде 40,7 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Оның ішінде:

1) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл желек» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 30,6 мың теңге;

2) «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 10,1 мың теңге;

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу» қағидасының 4 тармағы 2 тармақшасының талаптары сақталмаған.

II. Бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде 6 мекемеде жалпы 4 042 329,8 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

1) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 11 200,0 мың теңге;

2) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 4 014 928,5 мың теңге;

- 3) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Отырар орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, бойынша 2 267,3 мың теңге;
- 4) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» бойынша 4 223,0 мың теңге;
- 5) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 5 488,0 мың теңге;
- 6) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 4 223,0 мың теңге;

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 203, 240, 250, 319 тармақтарының талаптары бұзылған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 33 бірлік бұзушылық фактілері 8 объектіде орын алған. Оның ішінде:

1. Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 20 бірлік 8 мекемеде анықталған:

- 1) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;
- 2) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;
- 3) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл желек» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;
- 4) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Отырар орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;
- 5) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;
- 6) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;
- 7) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;
- 8) «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

2. Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 13 бірлік 6 мекемеде анықталған:

- 1) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;
- 2) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;
- 3) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл желек» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;
- 4) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;
- 5) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;
- 6) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 8 аудит объектісі, оның ішінде 1 мемлекеттік мекеме, 7 коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамтылды. Анықталған бұзылушылықтардың нәтижесі бойынша мемлекеттік аудит объектілері қаржылық және шаруашылық операцияларын жасау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормалары бұзылған. Жалпы аудитпен қамтылған 8 объектінің ішінде 8-де қаржылық бұзушылықтар, 8 объектіде 33 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

2019 жылдың 1 сәуірдегі жағдайына Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мемлекеттік мекемесі» бойынша бюджет 187 370,0 мың теңгеге бекітілген. 01.04.2019-31.12.2019 жыл аралығында бюджет 2 рет нақтыланып, өзгеріс енгізіліп, жыл соңында 411 603 мың теңгеге нақтыланған. Яғни бекітілген бюджетке 224 233,0 мың теңгеге өзгеріс енгізілген.

Мекеменің 2020 жылға аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджеті 559 998,0 мың теңгеге бекітілген. Бекітілген бюджет жыл соңында 541 763,0 мың теңгеге нақтыланған. Яғни бекітілген бюджет -18 235,0 мың теңгеге нақтыланып қысқартылған.

Мекеменің 2022 жылға аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджеті 231 147,0 мың теңгеге бекітілген. Бекітілген бюджет жыл соңында 233 546,0 мың теңгеге нақтыланған. Яғни бекітілген бюджет 2 399,0 мың теңгеге ұлғайтылған.

Яғни 2019, 2020, 2022 жылдардағы аудитпен қамтылған кезеңде бюджеттік өтінімдер бюджетті нақтылау және түзету жағдайларында сәйкестендірілмеген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» қағиданың 9 тармағының *(Бюджеттік өтінім әзірлеу, қарау және бекіту сатыларында, сондай-ақ бюджетті нақтылау және түзету жағдайларында сәйкестендірілуі тиіс)* талаптары сақталмаған.

2019 жылдың 1 сәуірдегі жағдайына Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ бойынша бюджет 259 460,0 мың теңгеге бекітілген. 01.04.2019-31.12.2019 жыл аралығында бюджет 1 рет нақтыланып, өзгеріс енгізіліп, жыл соңында 273 900,0 мың теңгеге нақтыланған. Яғни бекітілген бюджетке 14 440,0 мың теңгеге өзгеріс енгізілген.

Мекеменің 2020 жылға аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджеті 319 655,0 мың теңгеге бекітілген. Бекітілген бюджет жыл соңында 328 259,0 мың теңгеге нақтыланған. Яғни бекітілген бюджет 8 604,0 мың теңгеге ұлғайған.

Мекеменің 2022 жылға аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджеті 374 994,0 мың теңгеге бекітілген. Бекітілген бюджет 01.06.2022 жылғы жағдайға 358 231,0мың теңгеге нақтыланған. Яғни бекітілген бюджет 16 763,0 мың теңгеге қысқартылған.

Жасалмаған шығыстардың түрлері бойынша есептеулер 01.04.2019-31.12.2019 жыл аралығында 14 440,0 мың теңгені, 2020 жылға 8 604,0 мың теңгені, 2022 жылдың 5 айында 16 763,0 5 мың теңгені құраған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» қағиданың 51,52 тармақ талаптары сақталмаған.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Осы аталған аудиторлық іс-шарасы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне бухгалтерлік есеп туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша әкімшілік шара көру үшін барлығы 6 материал жолданды, бүгінгі таңда өндірісте. Атап айтқанда:

1. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни бас есепшісі лауазымын атқарған Оспанбекова Шәкизат Шәріпқызына әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 25.08.2022 жылғы № 10/1926 санды хатпен жолданды.

2. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Отырар орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни бас есепші лауазымын атқарған Қасымбеков Әсілбек Мамырбекұлына әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 25.08.2022 жылғы № 10/1927 санды хатпен жолданды.

3. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни бас есепші лауазымын атқарған Алпысова Зина Киргизбаевнаға әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 25.08.2022 жылғы № 10/1928 санды хатпен жолданды.

4. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни бас есепші лауазымын Бұхар Бекнұр Мұхтарұлына әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 25.08.2022 жылғы № 10/1929 санды хатпен жолданды.

5. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Жасыл аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, бас есепшісі лауазымын атқарған Конарбаев Бахыт Тузелбаевичке және Қозыбаев Саят Айтжанұлына әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 25.08.2022 жылғы № 10/1930 санды хатпен жолданды.

6. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни бас есепші лауазымын Эмирова Марал Шайповнаға әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 25.08.2022 жылғы № 10/1931 санды хатпен жолданды.

Аудиторлық іс-шара барысында барлығы 9 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылды. Атап айтқанда:

1. «Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша мемлекеттік аудит барысында 11 200,0 мың теңге құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, 11 200,0 мың теңгеге аудиторлық іс-шара кезінде бұрғы скважинасы бухгалтерлік жазба арқылы есепке алынды.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының 29.07.2022 жылғы №199 бұйрығымен «Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас есепшісі Эмирова Марал Шайповнаға «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

2. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша аудит барысында 4 014 928,5 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталып, оның ішінде:

- аудиторлық іс-шара кезінде 1 583 632,5 мың теңгеге отырғызылған ағаш көшеттері бухгалтерлік жазба арқылы есепке алынды.

- аудиторлық іс-шара кезінде 750 912,4 мың теңгеге бұрғы скважиналары бухгалтерлік жазба арқылы есепке алынды.

- аудиторлық іс-шара кезінде 611 594,0 мың теңгеге бұрғы скважиналары бухгалтерлік жазба арқылы есепке алынды.

-аудит барысында 1 068 789,6 мың теңге көлеміндегі суғару жүйесі инфрақұрылым активтер теңгеріміне кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының 02.08.2022 жылғы №16ә/ш бұйрығымен «Жасыл аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас есепшісі Н. Мырзабекке «ескерту», еңбекақы есептеу бухгалтері С. Қозыбаевқа «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

3. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл желек» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша аудит барысында 30,6 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталып, аудит барысында артық есептелінген іссапар шығыны 30,6 мың теңге 28.07.2022 жылғы №0011 түбіртегімен толығымен бюджетке қайтарылды.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл желек» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының 29.07.2022 жылғы №39 Н/қ бұйрығымен «Жасыл желек» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас есепшісі Ажиметова Зулфия Сагынбековнаға «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

4. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Отырар орман және жануарлар әлемін қорғау

жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша аудит барысында 2 267,3 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталып, 2 267,3 мың теңгеге «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінен, арнайы киім кешек сатып алынған киім кешектер аудит жүргізу мерзіміне дейін мекеменің қорлар есебіне кіріске алынбай, бірден шығысқа жатқызылған. Аудит барысында аталған киім кешектер бухгалтерлік жазба арқылы кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Отырар орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Ш.Хандуллаевтың 2022 жылғы 29 шілдедегі №175 бұйрығымен бас есепшісі Ә.Қасымбековке «сөгіс» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

5. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша аудит барысында барлығы 4 223,0 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, Аудиторлық іс-шара кезінде 4223,0 мың теңгеге отырғызылған сексеул көшеттері бухгалтерлік жазба арқылы есепке алынды.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры Ж. Әлімбековтың 29.07.2022 жылғы №202ж/қ бұйрығымен ««Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас есепшісі Ш. Оспанбековаға «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

6. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша аудит барысында 5 488,0 мың теңге құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, мемлекеттік аудиторлық іс-шара барысында мекеменің биологиялық активтер теңгеріміне кіріске алынбаған 5 488,0 мың теңгеге көшеттер бухгалтерлік жазба арқылы есепке алынды.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры Қ. Оразымбетовтың 02.08.2022 жылғы №68 н/қ бұйрығымен «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас есепшісі А. Курышбаеваға «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

7. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша аудит барысында 4 223,0 мың теңге құрайтын қаржылық

бұзушылықтар анықталып, аудиторлық іс-шара кезінде 4 223,0 мың теңгеге отырғызылған сексеул көшеттері бухгалтерлік жазба арқылы есепке алынды.

Мемлекеттік аудит жүргізу барасында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры Д. Сартбаевтың 29.07.2022 жылғы №115 ж/қ бұйрығымен «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас есепшісі Алпысова Зина Киргизбаевнаға «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

8. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мемлекеттік мекемесі бойынша жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында барлығы 10,1 мың теңгеге құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, аудит барысында артық есептелінген іссапар шығыны 10,1 мың теңге 02.08.2022 жылғы №00үбіртегімен толығымен бюджетке қайтарылды.

Мемлекеттік аудит жүргізу барасында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының м.а. Н.Изтилеуовтың 02.08.2022 жылғы №113 ж/қ бұйрығымен «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бас есепшісі А. Хаметоваға «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Осы аудиторлық іс-шарамен жалпы тексеру кезеңіне 11 277 009,1 мың теңге (республикалық бюджет қаражаты 342 577,5 мың теңге) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 8 объектінің ішінде 8-де қаржылық бұзушылықтар, 8 объектіде 33 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы барлығы **4 042 370,5 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

-Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **40,7 мың теңге;**

-Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **4 042 329,8 мың теңге;**

-Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы (мың теңге) **0,0 мың теңге.**

-Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **0,0 мың теңге.**

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **4 042 370,5 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 4 042 329,8 мың теңге, өтелуге жататыны 40,7 мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында толығымен барлығы **4 042 370,5 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген (оның ішінде 4 042 329,8 мың теңге қалпына келтірілген болса, 40,7 мың теңгесі өтелді).

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 33 бірлік бұзушылық фактілері 8 объектіде орын алған,

оның ішінде бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бұзушылық фактілері бойынша 8 мекемеде 20 бірлік, бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 6 мекемеде 13 бірлік анықталған.

Қаржылық бұзушылықтар қызметкерлердің іс сапар шығындарын дұрыс есептемеу салдарынан 2 мекемеде 40,7 мың теңге, 6 мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы 4 042 329,8 мың теңгені құраған.

Бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себептерінің бірі бюджеттік қаржыларды пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама, бухгалтерлік есептілікті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің талаптарының сақталмауы болып табылады.

Бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, бюджет қаржысының толық игерілуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және мекемелер тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс. Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде екендігі жөнінде тұжырым жасауға болады.

3.3 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. Тексеру комиссиясының отырысында «Түркістан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мен бағыныстағы мекемелерде табиғатты пайдалану саласында қаржылардың жұмсалудың тиісті нормативтерге сәйкестігіне аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша аудиторлық қорытындыны бекітуге ұсынамын.

2. Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде екендігі танылсын.

3. Аудиторлық іс-шара барысында анықталған қаржылық бұзылушылықтар **4 042 370,5** мың теңге толығымен өтеліп қалпына келтірілген, оның ішінде 4 042 329,8 мың теңге қалпына келтірілген, 40,7 мың теңгесі өтелді. Сондай-ақ, аудиторлық іс-шара барысында барлығы **9** жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылғаны, әкімшілік шара көру үшін Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне **6 материалдың** жолданғаны назарға алынсын.

4. Аудит қорытындысы бойынша ақпарат **Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына** жолдансын.

3.4 Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.